

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№52(139)

27 ЖЕЛТОҚСАН
ЖҰМА
2024 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ГАЗЕТИ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНДА МЕРЕКЕЛІК ШЫРША ЖАҒУ РӘСІМІ ӨТТІ

ЖАҢА ЖЫЛ

Қазақстанның барлық өңірлерінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан жаңа жылдық шаралар өткізілді. Қосшы қаласында мерекелік шырша жағу рәсімі №3 орта мектепте ұйымдастырылды.



Бұл шараға қаладағы мектептерден 150-ге жуық бала қатысты. Қала әкімі Азамат Қапышев балаларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, олардың болашағына зор сенім артатынын айтты:

«Мемлекет Басшысы атап өткендей, жас ұрпақ – Қазақстанның дамуының негізі әрі

прогрестің қозғаушы күші. Біз сіздердің мақсаттарыңызға жету үшін барлық жағдайды жасаймыз», – деді ол.

Мерекелік бағдарлама қалалық Мәдениет үйі өнерпаздарының қойылымымен толықты. Балалар үшін ертегі кейіпкерлерімен әсем ертеңгілік ұйымдастырылып, тәттілерге

толы дастархан жайылды. Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар тарту етті.

Бұл шара тек көңіл көтеру ғана емес, балаларға қуаныш сыйлап, олардың жүрегіне сенім ұялатқан айтулы кеш болды.

janabastau.kz

НҮКТЕ МЕН КЕҢІСТІК

ЖАҢА ЖЫЛ: ӨМІРІНДІ ЖАҢА РТҰ УАҚЫТЫ

...Жаңа жыл – бұл есіктің қоңырауын басып, үнсіз кетіп қалатын уақыт елесі. Сен ашасың, алайда ешкімді көрмейсің. Күнтізбе – қақпа. 31 желтоқсан – сол қақпаның табалдырығы. Бір аяқ – өткен жылында, бір аяқ – белгісіздікке қарай созылған. Қақпаның ар жағынан не күтіп тұр? Жылт еткен жарық па, әлде тағы бір ұзақ туннель ме? Біз соны білу үшін ғана жаңа жылды күтеміз.

Жаңа жыл деген – қарапайым сандардың ауысуы емес. «2024» – бұл 365 рет жиналған шаң. «2025» – сол шаңның бетіне түскен жаңа із. Біз сол ізді «жаңа өмір» деп атаймыз. Ескі шаңды сұртпей жатып, жаңа із салуға асығамыз. Кешкі сағат он екінің сәті. Барлығы теледидарға қарап, секундтарды санап тұр. 10... 9... 8... ол сандар ішінде де саналып жатыр. «Мен не істедім?», «Қайда барамын?», «Осы жылы не өзгереді?» деген сұрақтар басыңның ішінде сағат тіліндей шыр айналып жүр. Сырттағы сағат он екіні ұрады, ал

ішкі сағатың тоқтамайды. Уақытты бір сәтке тоқтатсаң ғой... Бірақ уақыт саған бағынбайды. Сенің ең үлкен жауың – уақыт. Сен оны досың етіп көрсетуге тырысасың. Оны «Жаңа жыл» деп атап, оны қарсы аласың, оған тілек айтасың. Ойлап қарасаң уақыт саған ешқашан дос болған емес. Уақыт – саған ескерту бермейтін мұғалім. Ол саған сабақ береді, қай кезде емтихан болатынын айтпайды.

Жаңа жылды бәрі күтеді. Бәрі бір сәтке қуаныштың маскасын киеді. Сол сәтте біреу іштей күңіреніп тұрады. Қолында сусын, көзінде жас. Ол неге жылайды? Себебі ескі жылдың шері жаңа жылмен бірге кіріп кетеді. Бәрі ескі жылды есіктен шығарып салып, жаңа жылды қарсы аламыз дейді. Кім айтты ескі жыл кетіп қалды деп? Ол тек бұрышқа барып тұра қалады. Ол сенің есінде – өшпейтін естелік. Жаңа жыл деген – адамның өзіне айтқан жалған уәдесі. «Бәрі өзгереді», «Биыл басқаша болады», «Мен мықты боламын»

дейсің. Бірақ 1 қаңтар – дүйсенбі емес, ол сені басқаша етпейді. Сағат 00:01 – жай ғана келесі минут. Сен ештеңеге үлгермедің. Сағаттың ауысуы – тек сыртқы декорация. Ал ішкі сахнада сол баяғы кейіпкер жүр – өзін.

Жаңа жылға арналған тілектердің көпшілігі «өзгеремін» деп басталады. Шындығында кім өзгерді? Өзгерген адамға күнтізбе керек емес. Өзгеру – жылдың емес, жүректің ауысуы. Сағат он екінің соғысы жүрек соғысын өзгертпейді. Сен сол қалпысың. Саған өзгеріс керек болса, сен оны 3 ақпанда да, 17 қазанда да бастай аласың. Неге бәрі өзгерісті 1 қаңтарға байлап қояды? Себебі 1 қаңтар – барлығына ортақ сылтау.

Жаңа жыл – уақыттың күзгі жапырағы. Ол құлап түседі, сен оны басып өтесің. Әр іздің астында өткен күндерің бар. Өткен күндер – аяқ астындағы ескі жапырақтар.

(Жалғасы 3-бетте)



ҚҰТТЫҚТАУ!

ҚҰРМЕТТІ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Сіздерді Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен 2024 жыл қаламыз үшін жемісті жыл болды. Қосшы қала мәртебесін алғанына үш жыл толды, осы уақыт ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Жаңа өндіріс ошақтары ашылып, әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Алғаш рет қала ішінде жүретін жаңа маршрут іске қосылды. Көп жыл үй кезегінде тұрған бірқатар азаматтарымыз баспаналы болды.

Қымбатты жерлестер!

Қаламыздың өсуі мен дамуына үлес қосып келе жатқан әрқайсыңыздың еңбегіңіз зор. Өткен жылды нәтижелі аяқтап, жеткен жетістіктеріміз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға келер жылы да зор табыс тілеймін! Келе жатқан Жаңа жыл отбасыларыңызға амандық, құт-береке әкелсін. Несібіміз артып, әрбір ісіміз жемісті болсын. Жас қаламыз қарыштап дамый берсін.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН
ЖАЛҒАСАДЫ

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

ӘКІМ КЕЗДЕСУІ

Тайтөбе ауылының 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы:
ЖАҢА РТУЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Тайтөбе ауылының әкімі П.Досмағанбетовтың тұрғындармен кездесуі өтті. Жиынға Қосшы қаласының әкімі А.Қапышев, бөлім басшылары, мемлекеттік орган өкілдері және ауыл тұрғындары қатысты.

Кездесу барысында ауылдың инфрақұрылымына қатысты өзекті сауалдар көтеріліп, атап айтқанда электрмен, сумен жабдықтау және т.б. мәселелер талқыланды. Тұрғындар бөлім басшыларына тікелей сұрақтарын қойып, жауабын алды. Кездесуде көтерілген осы және өзге де мәселелерді шешу жауапты басшы-



ларға тапсырылып, ауылды дамыту бойынша жұмыс жоспары туралы мәлімет берілді.

Әкімнің тұрғындармен кездесуі – бұл жергілікті әкімдіктің қоғаммен байланыс орнатуы, тұрғындардың мәселелерін тыңдауы және оларды шешу үшін тиісті шаралар қабылдауы мақсатында өткізілетін маңызды шара. Тайтөбе ауылы әкімінің тұрғындармен кездесуі — соның айқын мысалы. Мұндай кездесулер ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру үшін қажетті ақпараттар алуға, жобаларды іске асыруға және жергілікті даму жоспарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

2024 жылы Тайтөбе ауылы әлеуметтік және экономикалық даму жолында маңызды жетістіктерге жетті. Ауылдың инфрақұрылымы мен әлеуметтік салаларында қолға алынған шаралар тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталды. Кездесудегі Тайтөбе ауылының әкімі П.Досмағанбетовтың баяндамасы негізінде Тайтөбе ауылының 2024 жылғы дамуына қатысты басты көрсеткіштер мен жаңартуларды қарастырамыз.

1. Қаржы және бюджеттеу

2024 жылы Тайтөбе ауылында әлеуметтік-экономикалық даму үшін жергілікті бюджеттен 69 718,4 мың теңге бөлінді. Оның ішінде салық түсімдері 6 560,0 мың теңге, ал трансферттер 62 513,2 мың теңгені құрады. Бюджеттің оң көрсеткіші мен профициті 645,2 мың теңге болды, бұл қаржының тиімді жұмсалғанын көрсетеді.


Тайтөбе ауылдық бюджетінен бөлінген қаржы



2. Ауыл шаруашылығының жағдайы

Ауыл шаруашылығы Тайтөбе ауылында маңызды рөл атқарады. 2024 жылы ауылдың шаруашылық секторында оң өзгерістер байқалды. Малды көбейту, жер пайдалану тиімділігін арттыру бағытында нақты қамтамасыз жасалды. Ауылдың 645 гектар жайылым жері қайтарылып, түйе, жылқы, ұсақ мал мен қара мал саны артты. Осылайша, ауыл шаруашылығының тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Тайтөбе ауылындағы мал санының өсімі (2024)



қылмыстық іс тіркелсе де, әкімшілік істердің саны 85-ті құрады. Бұл жергілікті құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеп жатқанын көрсетеді.

6. Инфрақұрылымдық жаңартулар

2024 жылы Тайтөбе ауылының инфрақұрылымы да айтарлықтай жаңарды. Ауылдың ішкі жолдары жөнделіп, 40 шақырым жолдың 26 шақырымына асфальт төселді. Сонымен қатар, көшелердегі жарық жүйесі жаңартылып, жолдар мен басқа да




3. Білім беру және денсаулық сақтау

Тайтөбе ауылында білім беру саласында маңызды жаңартулар жүзеге асты. Бір ғана орта мектеп пен балабақшада 744 оқушы мен 158 бала білім мен тәрбие алады. Бұл көрсеткіш ауылдың білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер орын алды. Ауылда ФАП (фельдшерлік-акушерлік пункт) жұмыс істейді, онда 9 қызметкер, оның ішінде дәрігерлер мен медбикелер қызмет көрсетеді. Ауылда ауыр инфекциялар мен аурулардың алдын алу шаралары тиісті деңгейде жүзеге асырылды.

Тайтөбе ауылындағы білім және денсаулық саласындағы адамдар



4. Әлеуметтік қолдау және жұмысқа орналастыру

Ауыл тұрғындары әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылған. Мүгедектігі бар 16 адамға көмек көрсетілді, жұмыс іздеп келген 4 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл ауылдағы әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталған саясаттың тиімді жүзеге асқанының белгісі.

5. Құқықтық тәртіп және қауіпсіздік

2024 жылы Тайтөбе ауылының құқықтық тәртібі мен қауіпсіздігі де тұрақты болды. 3

инфрақұрылымдық нысандарға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл ауылдың өмір сүру жағдайын едәуір жақсартты.

7. Су және газбен жабдықтау

Ауылдағы су және газбен жабдықтау жүйелерінің жаңартылуы да ерекше назар ауда-



рарлық. Су бөтетінің нығаюы мен жаңа құбырлар орнату жұмыстары жүзеге асты. Газбен жабдықтау бойынша да жұмыстар жалғасуда, бұл ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

8. Жарқын болашаққа жол

Тайтөбе ауылының 2024 жылғы даму жолы ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту мен экологиялық жағдайды жақсартуды мақсат етеді. Әкімдік пен жергілікті тұрғындардың бірлескен жұмысы нәтижесінде ауылда көптеген маңызды өзгерістер жүзеге асты. Бұл, өз кезегінде, ауылдың тұрақты дамуына, ауыл шаруашылығының өркендеуіне және тұрғындардың жоғары деңгейде өмір сүруіне мүмкіндік береді.

2024 жылы Тайтөбе ауылында жеткен жетістіктер ауылдың болашағы үшін жарқын бастама болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық даму мен инфрақұрылымдық жаңартулар ауылдың өміріне жаңа серпін береді. Тайтөбе ауылы әкімінің тұрғындармен кездесуі – ауылдың даму қарқынын көрсету және болашақтағы жоспарларды талқылау үшін маңызды алаң болды. Мұндай кездесулер жергілікті басқару органдары мен тұрғындардың арасындағы ашық байланыс орнатуға, ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту
Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі және уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) шарты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту туралы өтініш;
- 2) сәйкестендіру құжатының көшірмесі (жер учаскесіне уақытша өтеулі (ұзақ

мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру актісі не жер-кадастрлық жоспар);

3) жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалануға (жалға алуға) жасалған шарттың көшірмесі;

порталға:
1) қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту туралы өтініш;

2) сәйкестендіру құжатының көшірмесі (жер учаскесіне уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру актісі не жер-кадастрлық жоспар);

3) жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалануға (жалға алуға) жасалған шарттың көшірмесі.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ

■ НҮҚТЕ МЕН КЕҢІСТІК

ЖАҢА ЖЫЛ: ӨМІРІҢДІ ЖАҢАРТУ УАҚЫТЫ

(Басы 1-бетте)

Жаңа жапырақтың түсі басқа болғанымен, оның тозатыны анық. Бәрі от шашу атып, жарыққа қараған сәтте, сен көлеңкеге қарашы. Жаңа жылда бәрі жарыққа қарайды, бірақ көлеңкесі бәрінен ұзақ жүреді. Жаңа жылда кімнің көлеңкесі ұзын, соның ойы терең. Себебі жаңа жыл жарық емес, көлеңке түсіретін уақыт.

Жаңа жыл жақындағанда, біз ескі жылға алғыс айтамыз. «Бәріне рақмет» дейміз. Кімге рақмет айтамыз? Саған кім не берді? Уақыт па? Әлде өзің бе? Шындығында, ескі жыл саған ештеңе берген жоқ. Барлығын өзің істедің. Бірақ сен оны мойындағың келмейді. Сен уақытқа, жылға, сандарға сенгің келеді. Сен солай жеңілдеп қаламын деп ойлайсың. Ескі жыл – сенің көлеңкең. Жаңа жыл – сол көлеңкенің басқа бұрыштағы көрінісі. Қай бұрышқа бұрылсаңда, көлеңке кетпейді. Саған жаңа жыл керек емес, саған жаңа жүрек керек. Саған жаңа ой керек. Саған жаңа сәт керек. Ол сәтті тек сен ғана жасай аласың. Сағат емес. Күнтізбе емес.

...Жаңа жыл келеді. Келмесе де, келеді. Қақпаны қақпайды. Өз кілті бар. Сағат он екіде есігіңнің алдынан өтіп кетеді. Сен оны іздейсің, бірақ ол жоқ. Жаңа жыл ішке кіріп кеткен. Енді сен оны тағы бір жыл бойы шығара алмайсың. Жаңа жыл – жаңа уақыт емес. Ол – ескі сенің жалғасы.

Жаңа жыл – бұл жаңа мүмкіндіктер есігі. Өткен жылдың көлеңкесі қалса да, әр таңның жарығы оны сейілтеді. Әр күнтізбе парағы – жаңа жолды бастауға мүмкіндік. Сен өзіңді өзгертің келсе, бұл уақытты сылтау етпе, уақытты серік қыл. Жаңа жыл – сенің болашағыңа апаратын көпір. Сенің жүрегіңдегі үміт шырағы оны жарық етеді.

Уақыт саған қарсы емес, ол сені алға итермелейді. Сағаттың тілі өткен сәтті санап тұрған жоқ, ол саған алға жылжу үшін ырғақ береді. Көңіліңде ізгі ой,

қолыңда нақты жоспар болса, жаңа жыл саған шексіз мүмкіндік сыйлайды.

Өзіңе рақмет айтуды ұмытпа. Өткен жылдағы жетістіктерің – сенің еңбегің. Болашақтағы биіктер де сенің қолыңда. Уақыт тек саған көмектеседі. Әр жаңа жыл өзіңе сенім сыйлайды, ал сен сол сенімді іске асыруға құқылысың.

Жаңа жыл – бұл жаңару емес, қайта гүлдену. Қанша жапырақ түссе де, көктем қайта келеді. Сенің де өмірің солай: жаңа жыл – өзіңе мүмкіндік

ең жақсы нұсқаны сыйлайтын шақ. Бүгінгі жасаған кішкентай қадамдарың ертеңгі үлкен жеңістерге алып келуі мүмкін. Бәрі сенің ішкі сенімің мен жігеріңе байланысты. Әр сәттің құндылығын ұмытпа. Кез келген қиындық – бұл жаңа шыңға көтерілуге арналған баспалдақ.

Жаңа жыл – бұл тек күнтізбедегі күн емес, өзіңді табуға және өзіңе сенуге берілген тағы бір мүмкіндік. Өмірдің шексіз бояуларымен салынған

лай: оның көшелері – тарих беттері, ал жаңа құрылыстары – болашаққа жазылған жолдау. Жаңа қалада бәрі басқаша көрінеді. Әрбір ғимаратта, әрбір саябақта, әрбір жолда ескі жылдардың да қолтаңбасы бар. Біз сол қолтаңбаларды сақтай отырып, жаңа жылда жаңа суреттер саламыз.

Жаңа қала – бұл жаңа жылдай, үміттің бейнесі ғана емес, жүрекке салынған жаңа соқпақ. Әрбір қала – өзінің тұрғындарының айнасы. Қосшының жаңа үйлері мен ғимараттары – осы мекенде өмір сүрген адамдардың жанынан туған сәулелер. Олар уақыттың тылсымын жарыққа айналдыра білді. Жаңа жыл мен жаңа қала – бізге берген мүмкіндіктердің шексіз символдары.

Әрбір жаңа қала – уақыт пен адамның арасындағы үнсіз келісім. Жаңа жыл уақытты тоқтата алмайды, оған жаңа серпін бере алады. Сол сияқты Қосшы да уақыттың ағынын өз қолына алып, оны жарық болашаққа бағыттай білді. Жаңа қалада әрбір кірпіш – жүректен түскен таңбалар. Біз оларды уақыттың күшімен біріктіріп, болашақтың керемет сарайын тұрғызамыз.

Жаңа жыл мен жаңа қала – бір-біріне егіздей ұқсас. Екеуі де адамдардың үміті мен еңбегінің нәтижесі. Екеуі де болашаққа деген сенімнің айнасы. Қосшы сияқты қалалар мен жаңа жыл сияқты сәттер – тек уақыт белгісі емес, олар – өмірдің мәнін түсіну үшін берілген сый. Жаңа қаладағы жаңа жыл – болашақтың жарқын бейнесі, оған бірге аттанайық!

Құрметпен, редакция



беру. Қай жылы, қай күні болса да, сен сол мүмкіндікті бастауға лайықсың. Ал 1 қаңтар – тек бір сәт, ал нағыз жаңа жыл – сенің жүрегіңдегі үміттің оянған күні.

...Жаңа жыл – бұл тек өткенді артқа тастап, жаңаны бастау ғана емес, жүрегіңдегі үмітті қайта оятатын ерекше сәт. Әрбір ауысқан жыл – өміріміздің бір тарауы. Әр тарау өз хикаясымен қымбат. Біз сол хикаяны қалай жазатынымызды өзіміз таңдаймыз. Жаңа жыл – ол таза парак емес, біз сол паракқа жаңаша көзқараспен қарап, жаңа бояулармен толтыра аламыз. Ол – армандарды жаңғыртуға, мақсаттарды нақтылауға арналған бірегей мүмкіндік.

Жаңа жыл өзімен бірге тек уақыттың ауысуын ғана емес, жаңа бастамалардың серпінін ала келеді. Бұл – болашағыңа сеніммен қарап, өзің

суретіңді үздік етуге тырыс. Әрбір таң – сенің жаңа бетбұрысың болсын. Қақпадан аттай берген жаңа жыл, шын мәнінде, саған тек жақсылықпен шабыт сыйласын.

ЖАҢА ҚАЛА – ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа қала – бұл жаңа жылға ашылған қақпа. Әр көше, әр сәулет бір жаңа армандағы уақыттың көрінісі. Қосшы сияқты қалалар – уақыттың тоқтаусыз қозғалысын түсінетіндердің мекені. Жаңа жыл бізге әрдайым жаңа үміт сыйласа, жаңа қала – сол үміттің нақты көрінісі. Жаңа қала – әрбір жүректің болашаққа деген сенімін қайраған жанды көрініс.

Жаңа жыл – бұл тек санау емес, сонымен қатар сана-сезімнің қайта жаңаруы. Әрбір қала – жылдармен қатар өсетін тірі ағза. Қосшы да со-



ҚАДІРЛІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ
МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!

Жасампаз істерді жүзеге асырып аяғынан тәй-тәй тұрып келе жатқан жас қаламыздың құрылғанына 3 жылдан асып барады. Қосшы – өз тұрғындарының қажырлы еңбегі мен күш қайратының, берекелі мен ынтымағының арқасында ырысы артып, жылдан-жылға көркейіп келе жатқан еліміздегі бірегей қала.

Қосшының дамуға басқан әр қадамы қала тұрғындарының еңбекке адалдығының, жас қалаға деген құрметінің арқасында жүзеге асуда. Әрдайым жұмыла кіріскен іс жеңіл болады. Осы орайда тұрғындарымыздың мүддесі үшін атқарушы органның, қоғамдық кеңестің, қоғам белсенділерінің депутаттық корпуспен бірлікте жұмыс жасап жатқанын ерекше атап өтуге болады.

Жаңа жыл мерекесі – жаңа істердің бастауы. Өткен жылға өкпе жоқ, берекелі жыл болды. Келе жатқан 2025 жылдан бастап барша қосшылықтар үшін табысқа толы жыл болсын. Отанымыз тыныш, халқымыз аман болсын. Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ізгі тілекпен,
Қосшы қаласы
мәслихатының төрағасы
Әлихан Қуатбеков

■ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Александрит-ИВ» ЖШС Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылында орналасқан рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Коши шөгінді жыныстары кен орнына арналған іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар өткізіледі:
- 2025 жылғы 5 ақпанда сағат 12.00-де Тайтөбе мәдениет үйінде Бигельдинов көшесі 18, Тайтөбе ауылы, Қосшы қ., Ақмола облысы;
- 2025 жылғы 5 ақпанда сағат 15.00-де Ақмола облысы, Қосшы қ., Жамбыл Жабаев к-сі, 24 А, мәдениет үйінің акт залында.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өтеді. Масштабтау сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw15qZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmbON.1&omn=81653036473>

Конференция идентификаторы: 854 588 2756

Кіру коды: Gr93D4

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz>.

Жергілікті атқарушы орган: Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды реттеу басқармасы «ММ, тел. +7 (7162) 40-28-07.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: natur@akmola.gov.kz.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы: мемлекеттік экологиялық сараптама.

Тапсырыс беруші: «Александрит-ИВ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы, есептік квартал072, құрылыс 1118. Тел: 87015556320. Электрондық пошта: aleksandriv@mail.ru, БСН 081140003986, директоры Пасотер С. В.

Әзірлеуші: «NAZ» ЖК 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, ш / а.Сарыарқа 2а / 98. Тел: 87017503822, эл. мекен-жайы: ozalinalova@list.ru. Директор: Оразалинова Р.

Жоба бойынша қаржы қамтамасыз етілген жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: www.upr.akmo.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru>

Жобалық құжаттамамен қағаз түрінде мына мекен-жай бойынша танысуға болады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы, есептік квартал072, 1118 ғимарат. Тел: 87015556320. Электрондық пошта: aleksandriv@mail.ru.

Учаскенің географиялық координаттары: 50°57'31.40»С, 71°18'31.48»В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 50°58'25.88»С, 71°17'48.69»В

ТОО «Александрит-ИВ» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по проекту нормативов допустимых выбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, плана мероприятий для месторождения осадочных пород Коши, расположенный в Акмолинской области, г.Косшы, с.Тайтөбе.

Слушания будут проводиться:
- 5 февраля 2025 года в 12.00 ч. в доме культуры Тайтөбе ул.Бигельдинова 18, с.Тайтөбе, г.Косшы, Акмолинская область;
- 5 февраля 2025 года в 15.00 ч. в актовом зале дома культуры по ул.Жамбыл Жабаева 24А г.Косшы, Акмолинская область.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания пройдут в формате видеоконференции на платформе Zoom. Ссылка на Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw15qZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmbON.1&omn=81653036473>

Идентификатор конференции: 854 588 2756

Код доступа: Gr93D4

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте <https://ecportal.kz>.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», тел. +7 (7162) 40-28-07.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения: natur@akmola.gov.kz.

Наименование государственного органа по проведению государственной экологической экспертизы: Государственная экологическая экспертиза.

Заказчик: ТОО «Александрит-ИВ», Республика Казахстан, Акмолинская область, г.Косшы, с.Тайтөбе, учетный квартал072, строение 1118. Тел: 87015556320. Электронная почта: aleksandriv@mail.ru, БИН 081140003986, Директор Пасотер С. В.

Разработчик: ИП «NAZ» 020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, г. Кокшетау, мкр.Сарыарқа 2а/98. Тел: 87017503822, эл. адрес: ozalinalova@list.ru. Директор: Оразалинова Р.

Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: www.upr.akmo.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru>

С проектной документацией в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Акмолинская область, г.Косшы, с.Тайтөбе, учетный квартал072, строение 1118. Тел: 87015556320. Электронная почта: aleksandriv@mail.ru.

Географические координаты участка: 50°57'31.40»С, 71°18'31.48»В

Географические координаты территории воздействия: 50°58'25.88»С, 71°17'48.69»В

ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛЕДІ. КЕЛМЕСЕ ДЕ, КЕЛЕДІ

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА – ӨР РУХТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

Биыл қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай, 25 желтоқсан күні Қосшы қаласына қарасты Тайтөбе ауылындағы мәдениет үйінде «Өлең, мен сені аялап өтем...» атты әдеби кеш өтті.



Кеш ақынның рухани мұрасын дәріптеу және кейінгі ұрпаққа оның шығармашылық өмір жолын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

ӘДЕБИ КЕШТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мәдени шараны Тайтөбе ауылдық мәдениет үйінің директоры Айбек Кеңес жүргізді. Кешке Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Назгүл Бердіқожа мен белгілі әнші әрі актер Ілес Көпбосын ар-

найы қонақ ретінде қатысты. Кештің мазмұны ерекше бай әрі әсерлі болды. Тайтөбе ауылдық кітапханасының қызметкерлері ақынның кітаптарынан арнайы көрме жасап, келушілерді Фариза

Оңғарсынованың әдеби мұрасымен жақынырақ таныстырды. Мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін оқып, әндер орындап, кеш қонақтарына сұрақтар қойып, өз өнерлерін паш етті.



АҚЫН РУХЫНА ҚҰРМЕТ

Назгүл Бердіқожа, кезінде Фариза Оңғарсынованың көзі тірісінде ұйымдастырылған «Өлең, мен сені аялап өтем...» атты республикалық жыр мүшәйрасының бас жүлдегері, мерейтой кешінде ақынға арнаған

өлеңін оқып берді. Оның өлеңі тыңдаушыларды ерекше тебіренгісіз етті. Фариза поэзиясының мәңгілік құндылығын тағы бір мәрте сезінді.

Ілес Көпбосын өз кезегінде Фаризаның сөзіне жазылған әнді

нақышына келтіріп орындап, кешке келген қонақтардың ыстық ықыласына бөленді. Шараның соңында оқушылар мен қонақтар естелік суретке түсіп, кештің рухани әсерін бірге бөлісті.

ФАРИЗА – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БИІК ШЫҢЫ

Фариза Оңғарсынованың есімі қазақ әдебиетінде батылдық пен нәзіктіктің символы ретінде сақталады. Оның шығармалары адамның рухани байлығын, өмірдің мәні мен маңызын терең суреттейді. Ақынның әрбір өлеңі жүректі тебіренгісіз, адамгершілік пен адалдыққа, махаб-

бат пен еркіндікке үндейді. «Өлең, мен сені аялап өтем...» атты әдеби кеш – ұрпақтар сабақтастығының, рухани мұраның мәңгілігін айшықтайтын ерекше шара болды. Бұл кеш тек Фариза Оңғарсынованы еске алу ғана емес, оның шығармашылық рухын жас

буынға жеткізудің жарқын көрінісі болды. Фариза Оңғарсынова – қазақтың рухани шамшырағы. Оның есімі мен шығармалары мәңгілік ел мұрасының биік шыңында жарқырай береді.

Айымгүл Серікқызы

ҚАРА СӨЗ

ӨМІР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ САБАҒЫ

Жаңа жылдың әрбір таңымен бірге бізге жаңа үміт, жаңа мақсаттар және жаңа мүмкіндіктер есігін ашады. Ал 2025 жыл – шығыс күнтізбесі бойынша жылан жылы. Бұл жыл тек мейірімділік пен даналықты ғана емес, сонымен қатар ойшылдық пен терең зерделілікті, өзгерістерге бейімделе білуді білдіреді. Жылан – ежелден құпиялылықтың, өсу мен жаңарудың, өмірдің жұмбағын шешудің символы.

Адамзат тарихында жылан бейнесі тек қауіптілік пен сақтықты ғана емес, ақыл мен тылсымдықтың бейнесі ретінде де танылған. Жылан өзінің терісін тастап, жаңа бейне тауып, өсіп-жетілетін тіршілік иесі ретінде мәңгілік жаңарудың көрінісі. Біз де сол сияқты, әрбір жаңа жылда өткенімізді сараптап, жаңа биіктерге ұмтыламыз.

Осыған орай, сіздерге жылан бейнесімен тығыз байланысты афоризмдер ұсынып отырмын. Әрбір нақыл – адам өмірінің философиясын, уақыттың өткініші табиғатын, шынайылық пен жан тазалығының құндылығын паш етеді. Жылан бейнесі бұл нақылдардың негізінде тек сыртқы көрініспен ғана шектелмей, оның терең рухани мәнін ашады.

Жаңа жыл – бұл тек даталардың ауысуы емес, өзімізді қайта табудың, ішкі жан дүниемізді жетілдірудің жаңа мүмкіндігі. Жылан жылы әрбірімізге даналық пен батылдық әкелсін, өткеннің қателіктерін кешіріп, болашаққа сеніммен қадам басуға шабыт сыйласын!

Жаңа жыл жақсылығымен келсін! Жылан жылы сәттілік пен рухани өсу жылы болғай! Мархабат!

1 Жыланның қозғалысы сияқты уақыт та сырғып өтеді, бірақ оның ізі жүрекке мәңгі сақталады. Уақыттың құндылығын сезінген адам ғана өмірдің шын мәнін түсінеді. Жыланның терісі қанша жаңарса да, оның ішкі болмысы өзгермейді. Адамның шынайылығы мен жүрегіңдегі адалдық – оның ең мәңгі қасиеті.

2 Жыланның иірілген жолы өмірдің қиындығы секілді, оны тек батыл жүрек қана жеңе алады. Қиындықтармен күресу адамның ішкі қуатын шыңдайды. Жыланның уы секілді өтірік те жанды жаралайды, бірақ шындық қана оны емдейді. Ақиқат әрдайым жалғанды жеңеді.

3 Жыланның терісіндегі өрнек – өмірдің әрбір сәтіндегі сабақ сияқты, оны тек зерделі жан ғана көре алады. Әрбір өткініш сәтті терең мәнін ұғыну маңызды. Жыланның тілі екіге жарылғанымен, оның түпкі мақсаты бір. Сол сияқты адам

да ойы мен әрекетін үйлестіре білсе, өмірі мағыналы болар ме еді?

4 Жыланның жылтыр терісі көз тартады, бірақ оның астарындағы қауіпті елемей ақымақтық. Өмірде сыртқы сұлулық емес, ішкі мән маңызды. Жылан жолын іздеп, әрдайым жаңа бағыт табады. Сол секілді адам да өмірде дамуға және жетілуге ұмтылуы керек пе дейсің...

5 Жыланның қозғалысы өмірдің өзгермелілігін еске салады: ештеңе тұрақты емес. Бұл өзгерістерге бейімделе білу адамды кемелдікке жеткізеді. Жыланның уы – қорқыныш, ал оның иілген жолы – батылдықтың сыншысы. Қорқынышты жеңген адам ғана еркіндікке жетеді.

6 Жылан өз терісін тастап жаңарады, ал адам өткенін түсініп қана жаңғырады. Өткенді ұмытпай, алға жылжу – өмірдің мәні. Жыланның тылсым көзқарасы бізге өмірдің құпияларын сезінуді үйретеді. Барлық сұрақтың жауабы өз жанымызда жасырулы.

7 Жыланның иірімі – тағдырдың жұмбақ өрнегі, оны тек төзіммен шешуге болады. Сабыр мен парасат өмір жолында бағыт береді. Жыланның жолы қалай иреленіп жатса, өмір де солай бағытынан жаңылдырып, сынаққа салады. Бұл сынақтар адамның рухын бекемдейді.

8 Жыланның терісі әдемі болғанымен, ол оны тастау арқылы өсуге ұмтылады. Адам да артық дүниеден арылып, өзін жетілдіре түсуі керек. Кейбір кездерде дос болып, жаныңда жүрген кері энергиялы адам да рухыңа салмақ салады. Қай уақытта да арылу кеш болмайды. Содай-ақ жыланның сиқырлы қозғалысы жүректі алдауы мүмкін, бірақ оның шынайылығы өмірдің заңдылығын ұқтырады. Көзге көрінгеннің бәрі шындық емес.

9 Жылан қанша иілсе де, оның жолы шындыққа жетелейді. Шынайылық – ең тура жол. Жыланның терісіндегі өрнектер сияқты, адамның іс-әрекеті де оның болмысын айқындайды. Әрбір әрекетің өзіңнің кім екеніңді көрсетеді.

10 Жыланның бұралаң жолдары жүрекке сақ болғанды үйретеді. Сақтық адамды қателіктерден қорғайды. Жыланның әрбір сақ қозғалысы – өмірдің құпиясын ашуға арналған бір қадам. Өмірде әрбір сәттің мәнін түсінген адам бақытқа жетеді. Бақыт деген – жүректің тыныштық тапқан сәті, ішкі әлемнің үйлесімділігі мен адамның өзі болуға деген толық сенімі. Өзің болғанға не жетсін!

Бауыржан Қарағызұлы
ақын, «Jana bastau» газетінің
құрылтайшысы